

ескерткіш тақта қойылды. Ескерткіш тақтаның қойылуына ат салысқан Шақар ата мен Рахима апайдың жиені Жанат Нұрбайұлының еңбегі ұшан теңіз десек артық емес. ҚарМУ-дің бірінші проректоры, тарих ғылымының докторы, профессор Жұмашев Рымбек Мұратұлы Көкпекті ауылындағы ескерткіш тақтаның ашылу салтанатты жиынына қатысып, қос жауынгердің ерліктері жайлы көптеген мағлұматтар айтып, өз ойын ортаға салды. Осындай жұмыстардың өзі өшкенімізді жаңғыртып, жоғалтқанымызды табуымызға септігін тигізген айтулы үлкен шара болды деп есептейміз. Кешегі күні Отан үшін от кешкен, кейіннен бейбіт еңбекте ел игілігі үшін тер төккен осындай ардагерлеріміздің өзі жоқ болғанымен, артында қалған ұрпақтары, олардың көзін көрген адамдар бар. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында майдангерлерді тағы бір еске алып, олардың аруағына дұға бағыштайды, оларды ардақ тұтып, мақтан етеді.

Соғыстың аяқталғанына биыл 77 жыл толғалы отыр. Сол соғыс пен қазіргі уақыттың арасындағы уақыт мерзімі арасы алшақтаған сайын, бұл 1941-1945 жылдар арасында болған сұрапыл соғыстың қаншалықты ауыр да жантүршігерлік кезең болғаны, сол жылдары жерлестеріміздің майдан мен тылда істеген ерен еңбектерінің қаншалықты ауыр екенін әлі де көз алдымызға елестетеміз. Әр адамның өмір жолының соңында дүниесінің молдығы емес, жасаған істерінің шарапаттылығы ескеріледі емес пе? Соғысты бастан-аяқ жүріп өтіп, өзінің біліктілігін танытқан азаматтың бейбіт өмірде тұтас буынның тәрбиесіне ат салысып, еңбек етуі, өзінің тұрғылықты жеріндегі адамдардың түйткілдерін шешудегі жанашырлығы-барлығы құрметке лайық.

«Туған жерге туынды тік!» — деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлау білуі керек. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті.

Уақыт-өзен, соғыс аяқталғалы қаншама жылдар өтіп, нешеме ұрпақ алмасса да, Отан үшін құрбан болғандар мен алапат соғысты басынан өткергендердің алдындағы адами парыз тарихымыздың осынау ерлік парактарын ұмыттырмақ емес.

Қазақ елінің бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамуға ұмтылуы заңдылық. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек. ХХІ ғасырдағы рухани жаңғырудың мәні осыда болмақ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Ақынов Ә. Ұлы Отан соғысы тарихындағы Қарқаралы беттері // Қарқаралы.- 2001.
2. Ағыбаев М. Жеңіс жолындағы азапты күндер: Азия Транзит.-2003
3. Бұқар жырау жаршысы/2016
4. Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қара шаңырақ / Е.Лұқпан// Орталық Қазақстан.- 2003.
5. Қауысов Б. Өлім мен өмір арасы // Орталық Қазақстан.- 2003.

#### **ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ**

**Кусаинова К.К.** тарих пәнінің мұғалімі  
Абай атындағы №104 мектеп-гимназия  
Қарағанды қаласы, Қазақстан

«Алаш» партиясын құрудағы негізгі мақсатымыз қазақ халқының қамы еді ғой. Елі сай, жері бай, өсіп-өнген өнерлі халықтары бар мемлекеттермен терезесі тең түсетін қазақтың дербес мемлекетін құру еді. Ол мақсатқа жету үшін ұйымдастырушылық күші бар ұйым керек болды. Ол ұйым «Алаш» партиясы деп есептедік...»

Ә. ЕРМЕКОВ

Ірі саяси қайреткер, халқына қалтқысыз қызмет еткен «Алыптар» тобының көрнекті өкілі, еліміздің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан Алаш қозғалысының көшбастарларының бірі, көрнекті мемлекет қайреткері, әрі ғалым, ұстаз, белгілі ағартушы Әлімхан Әбеуұлы Ермаковтің 1891-1970 отан тарихында алатын орны ерекше. Ермаков тәрізді тұлғаның өмірі мен қызметіне дұрыс баға беру, тарихымыз үшін, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін өте қажет.

Ә. Ермаковтің өскен және білім алған ортасы Ресей империясының басқару жүйесінің жергілікті халыққа қарсы жаулық саясатымен, қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының барынша құлдырауымен сипатталады. Оның қоғамдық-саяси қызметінің өте маңызды кезеңі - Алашорда үкіметі тарихынан табылады. 1917-жылдың аяғына қарай Ресейде патша тақтан құлады. Сан-алуан өзгерістерді басқа ұлт зиялылары сияқты Ә. Ермаков те үлкен құлшыныспен қарсы алып, Қазақстанда өріс алған ұлт-азаттық қозғалыстың белгілі жетекшілерінің біріне айналды. Революция Алаш қозғалысы жетекшілерін қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешім қабылдауға алып келді. 1917-жылғы шілдеде өткен бірінші Жалпықазақтық съезінде саяси ұйым ретінде Алаш партиясы құрылды. Жалпықазақтық съезд делегаттары өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, Ресейлік құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру мәселелеріне аударды. Сөйтіп, қазақ жеріндегі отарлық езгіден азат ету жолындағы саяси күрес 1917-жылғы ақпан төңкерісінен кейін тіпті жандана түсті. Оған дәлел, жылдың ортасында Алаш партиясының, ал соңына Түркістан автономиясының Қоқанда, ал артынша Алашорда үкіметінің Орынборда құрылуы бұл қозғалыстардың нақты нәтижелері болды. Ресейдегідей Қазақстанда да көп партиялы жүйе қалыптасты. Ұлттық, діни, таптық, сословиелік негізде пайда болған партиялар мен топтар көп жағдайда келісімге келе алмай, бір-бірімен шиеленіскен айтыс жүргізді. Сол кездегі әр түрлі деңгейде ұйымдастырылған облыстық және уездік қазақ съездері, сибірлік съездер өлке халқының қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиғалары болғаны белгілі. Олардың ұйымдастырушылары, көрнекті ұлт қайреткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Ермаков, Ж. Ақбаев және басқалар осы саяси жұмыстарға белсене араласа отырып, үлкен тәжірибе мектебінен өтті. Бірақ, басталып кеткен қазан төңкерісі мен азамат соғысы бұл шешімнің орындалуына қолайлы жағдай туғыза қойған жоқ. Алашорда Ақпан революциясы әкелген жалпы демократиялық жеңістерді қайтарып алуды көздеді. Сөйтіп, демократиялық федерация мен Құрылтай жиналысын қолдаушылармен бірге, ел ішіне бүлік салған большевиктерге қарсы күреске шықты. Олардың кеңестік билікпен жүргізген келіссөзі сәтті болмағаны белгілі. Қалыптасқан әскери-саяси жағдайды ескере отырып, сол кезеңдегі қазақ қоғамының даму барысы жеке дара әрекет етуге әзір еместігін дұрыс таразылаған құрамында Ә. Ермаков бар Алашорда үкіметі, антибольшевиктік күштердің қолдауы арқылы, ең алдымен халықтың амандығын, бүтіндігін сақтауға тырысты. 1918-1919 жылдарды қамтитын осынау шиеленіске толы кезеңде, қазақ автономистері екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қамтамасыз етуге бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. Алашорданың басшы жетекшілерінің бірі болған Ә. Ермаков, осы мақсатты ту етіп, бірін-бірі күшпен алмастырған, әртүрлі орыс үкіметтерімен жүргізілген келіссөздерге белсене қатысты. Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков және басқалармен бірге Алашорда үкіметінің көптеген жарлықтарын, заңдарын дайындап шығарысты. Осының бәрі Ә. Ермаковтің 1917-1919 жылдардағы саяси және қоғамдық қызметінің сан қырлы болғанын көрсетеді. Алайда, Ресейді жайлаған Азамат соғысының жалыны Қазақ даласын да аямай оңды - солды көктеп өтті. Батыс және шығыс Алашордасы болып екіге бөлініп кеткен автономиялық құрылымдардың екеуі де қару - жарағы сайлы Қызыл армияның тегеурініне төтеп бере алмады. 1919 - жылдың соңында Қазақстан жері түгелдей Кеңестердің қол астына көшті. [1, 448-б.]

Ұлттық мүдде үшін, туған халқының игілігі үшін күрескен Ә. Ермаков сияқты қайраткерлер Кеңес үкіметіне жақпады. Олар құрған Алашорда атты үкімет тарих сахнасынан күштеп кетіріліпті. Сөйтіп, Алашорданың игілікті ісі, «өз мемлекетін құру»

үміті қайғылы аяқталды. Қазақтың Ә. Бөкейханов, Ә. Ермаков сияқты оқыған ұлт өкілдерінің осынау ыстық жігері, ұлттық рухы сол кезде қалыптасқан саяси оқиғалардың себебінен жүзеге аспай қалды. Ә.Ермаковтің Кеңес үкіметінің саяси басқару жүйесіндегі қызметі 1919 жылы желтоқсанынан басталып, жиырмамыншы жылдардың соңына дейін жалғасты. Осынау тарихи қысқа мерзімнің ішінде- ақ, Ә.Ермаков Қазақстан Республикасының саяси тарихының беттерінде өзінің жарқын бейнесін мәңгіге қалдырып үлгерді. Оның тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығы сақталып, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан өңірінің, Каспийдің солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облыстар жерлері, кейінен Коростелев даласы Қазақстанға қайтарылды.


В.Лениннің төрағалық еткен ХКК және БОАК мәжілістерінде болған пікірсайыс барысында өз халқының тарихын тамаша білетін Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермаков, М. Сералин және басқалар ресми деректемелерден келтірілген бай негіздерге сүйене отырып, өлкені отарлау процесін ашып көрсетті. Қазақ қауымдарының халық болып топтасу кезінде оның территориясының қалыптасуын нақты ашып дәлелдеді. Ә.Ермаковтің жетекшілігімен 1920 жылы өлке тарихында орасан зор шаралар жүзеге асты. Ол Республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінде болған аса маңызды өзгерістерге басшылық жасады. Түйіндеп айтсақ, олар мына жайлар: біріншіден, Губревком, кейін Қыревком мүшесі, 1920 жылы Мәскеуде әрі коллегия төрағасы болды; жоспарлау басқармасы мен өнеркәсіп саласындағы қызметтерінде жүріп, кеңес үкіметі мекемелерін жергілікті халықтардың өмір жағдайында бейімдеу арқылы жергілікті халықтардың құқықтық- әлеуметтік жағдайын орысша шаруаларының құқықтық жағдаймен теңестіруге ұмтылды.; екіншіден, жергілікті халықтардың кеңес өкіметі мен мемлекет өміріне белсене араласуына кең мүмкіндіктер туғызу үшін тер төкті; үшіншіден, Қазақстан мен Ресей Федерациясының шекарасын анықтауда, үлкен маңызы бар күрделі де шиеленіскен жер мәселелерімен араласып, орыс казактарының қолындағы көшпелі халықтардың ата қоныс мекендерін қайтару үшін жұмыс жасады; төртіншіден, ол республикадағы оқу –ағарту, денсаулық сақтау, мәдени шараларға орасан зор көңіл бөліп, бұл салалардағы мекемелердің қалыптасып, тұрақты да жемісті жұмыс істеуіне қолғабыс жасап отырды.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің негізгі толқындары 1928- 1932,1937-1938,1947-1953 жылдары болып өтті.Әлімхан Ермаков осы жылдар аралығында «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» аталып, сол үш толқында, үш рет сотталып, өмірін түрмелер мен саяси қуғын-сүргінде өткізіп,азап шегіп,аса ауыр моральдық соққыға ұшырады.ГУЛАГ тұтқыны болып, 1938 жылы тұтқындалып, он жылға сотталды. Кейінірек жаза мерзімін алты жылға дейін төмендетеді. Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетіп, оны 1947 жылға дейін лагерде ұстап, тоғыз жылдан кейін ғана шығарды. 1948 жылы қайтадан тұтқындап, тағы да он жылға соттады. Бұл – тұтқындау мен қуғын-сүргіннің үшінші толқыны болатын.Тек Әлімхан Ермаков ғана емес, «Алаш» қозғалысының барлық қайраткерлерінің жазаланары әуел бастан-ақ белгілі болатын. Большевиктік билік оларға әзер шыдап келді..[2, 45-б.]

Ә.Ермаков ГУЛАГ-та адамдық бет-бейнесін жоғалтқан жоқ, рухы сынбады, сыртқы әлеммен байланысып отырды. Бұл жайында жазушы және тарихшы Мұхтар Мағауиннің әңгімесінде айтылған. Әңгіме 1951-1955 жылдары Воркутадағы сталиндік лагерлердің бірінде Әлімхан Ермаковпен бірге отырған әкесі Мұқан Мағауинге арналған.Жазушы Мұхтар Мағауин әкесінің мұғалім болғанын, кішірек кезінде кезекті қуғындаудан тығылып, үйлерінде бой тасалап жатқан Міржақып Дулатұлы мен Әлихан Бөкейханды көргенін жазады. Әлімхан Ермаковпен кездесу Мұқан Мағауинге ұмытылмас әсер қалдырды дейді Мұхтар Мағауин.Әлімхан Ермаков оның есінде өте ақылды, ұстамды адам ретінде қалған. Жазушы және тарихшы Мұхтар Мағауиннің әкесі Әлімхан Ермаковтің сталиндік лагерлерде болған кездерін былай деп еске алады: «Менмен де емес, соншалықты жадағай да емес, Ермаковтің бүкіл сырт бейнесі оның айырықша тұлға екендігін байқатып тұрды. Артық сөз

айтпайды, өте сақ. Өзгелер әлденеге қызу пікір таластырып, қызыл-көңірдек болып жатқанда ол қасын сәл ғана керін қойып, үндемей отыратын, кейде аздап күлімсірейтін, бірақ ешқашан бұл әңгімелер мен пікірталастарға араласпайтын. Оны қазақтар да, қырғыздар да, Балтық бойынан келгендер де, украиндар да, белорустар да - барлығы да құрметтейтін. Занды жетік білгендіктен олкей біреулерге рақымшылық жасау және жаза мерзімін азайту туралы өтініштерін сауатты түрде жазуға көмектесетін». Кеңес үкіметінің жазалау органдарының (ОГПУ-НКВД-КГБ)қудалауында ұзақ жылдар болғанына қарамастан,ол адамгершілік қасиеттерін,ұлтжандылық позициясын,ғалымдық,ұстаздық іс-әрекетін кір шалдырмай сақтай білді.[3, 4-б]

1955 жылы 7 наурыз күні КСРО Мемлекеттік Қауінсіздік Министрлігінің ерекше кеңесінде, контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталып, лагерьлерде, коллонияларда, түрмелерде және айдауда жүргендердің істерін қайта қарау үшін жиналған Орталық Комиссияның шешіміне сәйкес «Ермековтың 1949 жылы 9 наурызда қозғалған №269834 ісіндегі үкім тоқтатылсын және Ә.Ермеков тұтқыннан босатылсын», -деген қаулы қабылданды.



Справка об освобождении[2,51-б.]

Ә.Ермеков және оның төңірегіндегілер ақталғанын кейін де, олар туралы ақиқат айтылған жоқ. Қарағанды тау-кен институтына жұмысқа орналасқаннан кейін өзінің профессорлық, тіпті доценттік атағын қайтарып алу туралы жазған арызы аяқсыз қалды. Сөйтін, Ә. Ермеков ол заманда шындықтың түбіне жете алмай кетті.Оның негізгі себебі Ә. Ермековтің жазықсыз айыпталып, Сталин заманында «халық жауы» деген атаққа ие болуы. Мұндай атаққа ұшыраған талай жазықсыз жандар ақталып, еліне оралғаннан кейін де түпкілікті шындыққа жете алмай жатты. Институттың ғылыми кеңесінің шешіміне қанағаттанбай, Ә. Ермеков 1958 жылы ақпанның 2 күні сол кездегі партия мен үкімет басшысы Н.С.Хрущевтің атына шағым-арыз жазады. Мұнда, Ә.Ермеков өзінің басынан кешкен өмірбаянын айта келіп, шындықтың қалпына келуін, өзі сияқты Сталин заманында жазықсыз зәбір көргендерге толық кешірім болса екен деген өтініш білдірген болатын. Хрущевқа жетті ме, жетпеді ме, ол белгісіз, бірақ сол кездегі Жоғары оқу министрлігіне және ВАК-қа жеткен, алайда, одан ешбір қайыр болмаған. Ә.Ермеков бұл институтта оқытушылық қызмет жасаған жылдары Республика көлемінде әр түрлі шаруашылық саласына болашақ мамандар дайындауда қажырлы еңбек етіп, өз үлесін қосты. Ол институтта ғана емес, қоғамдық қауым арасында да үлкен сый – құрметке ие болды. [3, 4-б. ]

Ә.Ә. Ермеков 1970 жылы 23 маусымда 79 жасында ауыр науқастан қайтыс болды. 1998 жылы 18-19 қыркүйекте Ақтоғайда Алаштың көсемдері Ә.Бөкейхановтың, Ж. Ақбаевтің, Ә.Ермековтің құрметіне еңселі ескерткіш орнатылды.



Ақтоғайдағы үш арысқа арнап қойылған ескерткіш. [2,50-б. ]

Ескерткішті жасаған Қарағандылық мүсінші белгілі суреткер Жаубасар Қалиев. Бүгінде Қарағанды, Қарқаралы қалаларының орталық екі көшесіне, Ағадір станциясының № 131 орта мектебіне мен Ақтоғай ауданы, Қаратал ауылындағы орта мектепке Ә. Ермековтің есімі беріліп отыр. Қарағанды қаласында М. Құл-Мұхаммедтің ұсынысы мен Ермеков көшесінде « Әлімхан Ермеков» атты үлкен кітап дүкені ашылды. 2000 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігінің сұранысы бойынша Президенттік мәдени орталығындағы мұражайда Ә.Ермековке байланысты құжаттар мен фотосуреттер жинақталуда.

Қазіргі Қарағанды техникалық университетінде мемориалдық тақта бар. Қарағанды қаласының басты көшелерінің біріне және 103 мектеп-гимназиясына Ә.Ермековтің есімі берілді. Бұл Алаш ардагері Ә.Ермековтің алып тұлғасына сай құрмет көрсетудің Республика көлеміндегі алғашқы беташарлары демекпіз.

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыса да, бұл - ғасырға тең уақыт. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы – бұл алып тұлғалар мемлекет басқаруға қабілетті еді. Сол себепті қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларкениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеген болатын. Басты мақсаты - ең алдымен қазақтың өз атамекеніне ие болып қалуы еді. Сол жолда бастарын бәйгеге тігіп, құрбан болғандары да сондықтан. Сонымен қатар елге демократиялық білімді алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да алаш зиялылары болатын. Алаш зиялыларын біз бүгінгі күні туған жер мен Отанға адал қызмет етудің рәмізі, үлгісі деп білеміз.

Қорыта айтқанда біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз – ол Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Алаш идеясы - ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақ жұртымен бірге жасайды. Алаш-Орда жетекшілерінің де басты мақсаты – егеменді ел, тәуелсіз мемлекет құру мұраты бүгінгі күні толық орындалғанын көріп отырмыз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қ. Алдажұманов «Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні» А,1995ж.
2. Қ. Өскенбаев «Тұлға тағылымы» А,2000ж.
3. Алаш айнасы. «Ә. Ермаковтың қоғамдық-саяси қызметі» 2011ж. №22.

## АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Мейрамбекқызы Н.,**

Қарағанды технологиялық және сервис колледжі тарих пәні оқытушысы

**Бақытжан М.,**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қазақстан тарихы және ҚХА кабинетінің жетекші маманы  
Қарағанды қ., Қазақстан

*Алаш туы астында  
Күн сөнгенше сөнбейміз  
Енді ешкімнің алашты  
Қорлығына бермейміз!  
Өлер жерден кеттік біз  
Енді мәңгі өлмейміз!  
Жасасын, Алаш, жасасын!  
(С.Торайғыров)*

Алаш қозғалысының тарихы - қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау – қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз.

Алаш зиялылары аумалы-төкпелі кезеңде, қазақ халқы келешекте жер бетінде өмір сүре ме деген сұрақ туындаған дәуірде өмір сүріп, халқының болашағы үшін бастарын бәйгеге тікті.

Алаштың көшбасшылары Ресей империясы мен жаңадан билікке келген құйтұрқы саясат ұстанған, империялық пиғылды жалғастырған коммунистердің қазақ халқына ешқандай жақсылық әкелмейтінін, келешекте Алаш өкілдерінің халқы үшін жасаған жанқиярлық іс-әрекеттерін кешірмейтінін, керегінде пайдаланып, кейін ойланбастан құрбандыққа шалатынына 1917 -1920жж. көздері жетті [1, 74 б.].

Алаш зиялыларының ерлігі- осындай жағдай болатынын біле тұра өз идеяларынан өлім алдында да бас тартпай ақырғы күндеріне дейін күресуі.

Ұлттық атауының өзі еркіндікті меңзейтін қазақ халқы Ресей империясының бодандығына түскесін де өз азаттығы жолында үздіксіз күресін тоқтатқан жоқ. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында азаттық күрестің екпіні уақытша бәсеңсіген тұсында қазақ жастарының бір толқыны Ресей империясының әр аймақтарында білім алып, рухани шыңдалып XX ғ. басында қазақ елінің саяси аренасына Алаш қозғалысы атымен шықты.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекеттері басқа елдердегі саяси қозғалыстарынан ерекшеленіп тұратыны- қазақ зиялылары саяси-мәдени қайраткерлікті тұтас ұстанып күресті [2, 35 б.].

Алаш арыстары Ресей империясындағы саяси жағдайға байланысты азаттық күрестің жаңа бағытын таңдады. Бұл бағыт- неғұрлым демократиялық реформалар арқылы бейбіт жолмен, аз шығынмен автономиялық елдікке қол жеткізу, кейін орайы келсе дербес тәуелсіз мемлекет құрып адамзат қоғамдастығында іргелі ел болып гуманистік принциппен өмір сүру.